

**КМҚК «Мерей» бөбекжай балабақша базасындағы балабақшамен  
қамтылмаған балаларға арналған АҚП жұмысы туралы есеп.  
(2024-2025) оқу жылы**

Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиеленіп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету мақсатында 2024-2025 оқу жылында «Консультациялық пункт» бұйрығы шығып, жоспары жасақталып, кестесі бекітілді. Жауапты мамандар: Муратова Ж.Қ балабақша меңгерушісі, Наурызбаева Б.Т балабақша әдіскері, Теміртасова Ж.Б медбеке, Насипова Л.Д психолог, Хисина Р.З дене нұсқаушысы, Никешена Л.А саз жетекші, Калымова Г.М тәрбиеші, Райсова Л.З тәрбиеші, Темірешова С.И тәрбиеші, Сатханова А.Ж тәрбиеші. Осы аталған мамандармен балабақшаға қарасты участкідегі балалардың тізімі анықталып, жоспарға сай жұмыстар жүргізіле бастады. Қыркүйек айында балаларды балабақшаға тарту мақсатында «Баланы балабақшаға бейімдеу?» тақырыбында ата-аналармен кездесу (тренинг) балабақша психологы Насипова Л.Д. өткізіп ата-аналарға балабақшаның бала өміріне деген пайдасы туралы ой қозғады. Қазан айында тәрбиеші Темірешова С.И балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамыту арқылы сөйлеу тілін жетілдіру мақсатында балаларға «Құм» терапиясын өткізіп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытты. Медбеке Теміртасова Ж.Б желтоқсан айында бала денсаулығының маңыздылығына тоқталу мақсатында «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында ата-аналарға дәріс оқыды. Ақпан айында дене нұсқаушысы Хисина Р.З балаларға шапшаңдылықты, ептілікті үйрету мақсатында «Менің көңілді добым» тақырыбында топтық қимылдық ойындар өткізіп, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Наурыз айында «Отбасы-тәртіптің ең тамаша мектебі» тақырыбында психолог Насипова Л.Д. дәріс оқыды, отбасыдағы бала тәрбиесіне тоқталып шықты, ата-аналар өз ойларымен бөлісті. «Су» терапиясы арқылы бала тілін, психологиялық процестерін дамыту мақсатында балабақша психологы Насипова Л.Д. ойындар түрлерін жүргізді. Бұл өткізген әрбір жұмыс өз нәтижесін берді, балабақшаға келмейтін балалардың балабақшаға деген қызығушылықтаары артты. Консультациялық пункт жұмысы жалғасын табады.